



## БҰЙРЫҚ

*2020 жылғы 14 қыркүйек*  
Қарағанды қаласы

## ПРИКАЗ

№ *280*  
город Караганда

### «Fortis Business» ЖШС банкроттық басқарушысын тағайындау туралы

«Оңалту және банкроттық туралы» Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 7 наурыздағы Заңының 15-бабының 2-тармақшасына сәйкес, «Fortis Business» ЖШС банкрот деп тану туралы Қарағанды облысы мамандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2020 жылғы 27 тамыздағы шешімі және 2020 жылғы 11 қыркүйектегі кредиторлар жиналысының хаттамасы негізінде, **БҰЙЫРАМЫН:**

1.«Fortis Business» ЖШС, БСН 151040017333, банкроттық басқарушысы болып Бейсен Сынбинов тағайындалсын.

2.Бейсен Сынбиновке «Оңалту және банкроттық туралы» Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес банкроттық басқарушының міндеттерін орындау жүктелсін.

3.Банкроттық басқарушы Бейсен Сынбинов «Оңалту және банкроттық туралы» Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын орындауды қамтамасыз етсін.

4.Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитеті Қарағанды облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің Берешектермен жұмыс басқармасы басшысына А.М. Адамбековке жүктелсін.

5.Осы бұйрық қол қойылған күннен бастап күшіне енеді.

Басшы

К. Орқашбаев